

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ӘДІСТЕМЕСІ» ПӘНІН ОҚЫТУҒА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ ТӘЖІРИБЕСІ

А.Б. Сайдинова -

Абай атындағы ҚазҰПУ мектепке дейінгі және бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушысы

XXI ғасырдың ерекшелігінен туындаған ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін «Өзін-өзі тану» еліміздегі білім беру жүйесін дүниетанымдық тұрғыдан өзгертудің нақтылы бастама пәні.

Бүгінгі таңда оның ғылыми негізі қаланып «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқулық, оқу-әдістемелік кешені, тұжырымдамасы, мемлекеттік стандарты мен оқу бағдарламалары жасалған.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың бастауыш мектептегі **мақсат-мүдделері** мынадай:

- адамның өзіндік бейімділіктерін ашу және оның темпераментін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оны жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі әрі жеке дара субъект ретінде дамыту;

- оқушылардың өзіне, қоршаған ортаға және бүкіл адамзатқа деген қарым-қатынасын айқындайтын адамгершілік мінез-құлықтарының, әлеуметтік маңызы бар бағдарларының негізін қалыптастыру;

- қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шешуде жеке тұлға құндылықтарын, алған білімдерін іс жүзінде шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Білім берудің бастауыш, негізгі және жоғарғы сатылары үшін өзін-өзі тану бойынша ұсынылып отырған бағдарламада қарастырылған **міндеттер**, атап айтқанда:

- оқушылардың өз-өзіне, адамдарға және қоршаған ортаға деген құндылық қарым-қатынастарын, айналасындағы адамдарға деген сезімталдық және кішіпейілдік таныту қабілеттіліктерін ашу;

- өзін, өзгелерді, әлемді және адамзатты танып-білу, өзінің өмірдегі орнын түсіну, өзіне және басқаларға жақсылық пен сүйіспеншілік таныту ниеттерін дамыту;

- өзін дәріптеу, өзіне сену, өз ойы, сөзі және іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дарыту;

- адам мен ішкі және сыртқы ортаның өзара байланыстылығын, оның табиғатпен біртұтастығын, тән және жан саулығының бір-бірімен тығыз байланыстылығын түсіну, салауатты өмір сүрудің негізі ретінде өзінің дене және психикалық күйін реттеу қабілеттіліктерін арттыру;

- әлеуметтік айқындамалар мен рөлдердің көп қырлылығы тұрғысынан өзінің әрекеттері мен мінез-құлықтарын реттеуде терең ойланып, сезіне білу қабілеттіліктерін дамыту;

- белгілі бір мағынадағы ақпараттарды жинау және оған талдау жасау үшін өзінің білімін, білігін және дағдысын қолдана білу; жағдаятты бағалау; жалпы адамзаттық және этно-мәдени құндылықтарға қайшы келмейтін жеке шешім қабылдау үшін өзінің көзқарасын білдіру қабілеттіліктерін дамыту;

- күнделікті өмірде нақты мәселелерді шешуде жасампаздық белсенділік таныту; адамгершілік нормаларына сәйкес алға қойылған міндеттерді сындарлы шешу үшін ұжымда бірлесе еңбек ету және топпен, командамен жұмыс істеу іскерлігін дамыту бұл мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі тану пәнінің мазмұны төмендегі *дидактикалық негіздемелерге сәйкес іріктелді:*

- *рухани-адамгершілік білім берудің жалпы мақсаты* адамның қабілеттіліктерін ашуға, оның дене, психикалық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық әлеуеттерін үйлесімді дамытуға бағытталған;

- *өзін-өзі тану пәнінің білімдік мақсаттары* оқушылардың бойында зияттылық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениеттерді дамытуға ықпал етуді қарастырады;

- *күтілетін нәтижелердің көп деңгейлі жүйесі* жалпы орта білімнің жинақтап келгенде оқушылардың оқу жетістіктерінің алты кезеңіне сәйкес және оқушылардың оқу жетістіктерін қадағалау мен бағалауға мүмкіндік беретін әр сыныптан соң қойылған мақсат ретіндегі оқушылардың адамгершілік мінез-құлқы негіздерін қалыптастыруды көздейді.

Пән мазмұнының логикалық құрылымын өзін-өзі тану бойынша күтілетін нәтижелер жүйесі негізінде анықтауға:

1) жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі:

а) өзін-өзі тануға: махаббат, денсаулық, еркіндік, бақыт, еңбек, тән мен жан үндестігі;

ә) өзгелерді тануға: отбасы, достық, сыйластық, теңдік, бауырмалдық, диалог, өзара түсіністік, ынтымақтастық;

б) әлемді тануға: табиғат, Отан, әлем, өмір, Бүкіл әлеммен үндестік, сенім, үміт;

в) адамзаттың рухани тәжірибесін тануға: ақиқат, жер адамзаттың ортақ үйі, шығармашылық, мәдениет, адамзатпен бірігу.

2) жеке тұлғаның негізгі қасиеттері:

а) өзіне қатысты: махаббат, адамгершілік, жан тазалығы, өзін сыйлау, дербестік, еңбекқорлық, өзіне сенімділік, мақсаткерлік;

ә) өзгелерге қатысты: жауапкершілік, көпшілдік, елгезектік, әділдік, төзімділік, сыпайылық;

б) әлемге қатысты: қамқорлық, білімге құштарлық, танымдық, махаббат, қайырымдылық, қоғамға қызмет ету;

в) адамзатқа қатысты: елжандылық, оптимистік, дәстүрді жалғастыру, болашаққа ұмтылу, зор жауапкершілік.

3) адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің құрамдас бөліктері: әлемдік мәдениет, халықтар даналығы, білім мен ғылым мүмкіндік береді.

Бағдарлама өзін-өзі тану пәнінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы күтілетін нәтижелер деңгейлеріне сәйкес пән мазмұнын сыныптар бойынша тақырыптық топтастыруды көздейді.

Білім берудің бастапқы сатысы (1-4-сыныптар)

Өзін-өзі тану пәнінің базалық білім беру мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, 1-4 сыныптарда төрт негізгі бөлімді қамтиды:

1. Өзін-өзі тану бақыты

2. Адами қарым-қатынасқа үйренейік

3. Адам болам десеніз...

4. Әсемдік әлемінде.

Аталған тараулар өзін-өзі тану үдерісінің түйінді бағыты болып табылады, өйткені олар адам өмірінің логикасына, жалпы адамзаттық жүйеге толықтай сәйкес келеді және жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өзін-өзі танып, өзін-өзі іс жүзінде мейлінше көрсете білуге айтарлықтай мүмкіндік береді.

Бұл тараулар мектептің түрлі сатыларындағы оқыту мазмұнын, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, нақты бірізділікпен құрылған.

«**Өзін-өзі тану бақыты**» атты бірінші тарау оқушыларды өзін-өзі тану пәнімен таныстырады. Мұнда балаларды мектепке өзгеше бейімдеуге бағытталған сабақтар қарастырылады. Олар жаңа оқушы мәртебесін ұғынады, сыныптастарымен, мұғалімдермен, жалпы мектеппен танысады. Өзінің сыртқы келбетіне дұрыс қарауға, өзін-өзі түсінуге, өз мінезі, өздері орындап жүрген әлеуметтік рөлдер туралы ойлануға, өз эмоцияларын түйсінуге және оны басқара алу білігіне дағдылануға мүмкіндік алады. Балалардың қызықты танымдық материалдар арқылы адамгершілік құндылықтарды қабылдауы осы міндеттерді табысты орындауға ықпал етеді.

Бағдарламаның «**Адами қарым-қатынасқа үйренейік**» атты екінші тарауында коммуникативтік біліктер мен дағдыларды (өзін және басқаларды тыңдау, түсіну, дұрыс бағалай білу, жанашырлық таныту, өзара ынтымақтастық біліктері); құрбыларымен тең құқықты, өзара жақсы қарым-қатынас құра білу білігін; өзінің эмоциялық күйін түсіну, өз сезімдерін білдіре алу және басқалардың сезімін тани білу біліктерін, тұлға аралық шиеленістерді шешу дағдыларын игеруді және әлеуметтік белсенділіктерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Оқыту үдерісінде баланың адамдар арасындағы қарым-қатынас этикасы ережелерін меңгеруі маңызды болып табылады. Бұл үшін оларды қарым-қатынас білігін, ынтымақтастық пен ұжымшылдық рухын дамытуға, басқалардың сезімін түсінуге, топпен қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттестікке, басқа балалармен достасуға, жетістіктері мен сәтсіздіктерін бөлісуге, өз мінез-құлқын бақылап, оны саналы түрде басқаруға, түрлі өмірлік жағдаяттарда батыл және өзіне сенімді болуға үйрету керек.

«**Адам болам десеніз...**» атты үшінші тарау баланың жас ерекшелігіне қарай олардың психологиялық дамуын, яғни өспелі мінез-құлқты түйсінуді, әсерленгіштікті, сезімнің қарқынды дамуын, жалпы эмоционалдық тонусын (шаттық, сергектік), жігерлілік сапаларын ескере отырып жасалған.

Оқытудың мазмұны мен әдістері балалардың сезімталдығын, елгезектігін, өзін-өзі құрметтеуін, өз қадір-қасиетін сезінуін, эмпатиялық сезімін көрсетуін тәрбиелеу үшін жағдай жасауға бағытталған. Білім үдерісі баланың өз ұстанымына, оның өмірлік тәжірибесіне құрылуы қажет, сондықтан да оқушыларға оқу мен тәрбие үдерісінде берілетін ақпарат баланың жай назар аударуына ғана емес, оны эмоционалды түрде бастан кешіретіндей болуы тиіс. Онда балаларды өмірлік жағдаяттарды адамгершілік амалдармен шешуге үйрететін негіздегі тәжірибені қолдану қажет.

«Әсемдік әлемінде» атты төртінші тараудың мазмұны кіші жастағы оқушылардың бойында қоршаған ортамен ізгі қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруға бағытталады. Балалардың табиғатқа эстетикалық қатынасын қалыптастыру және денсаулықтарын нығайту мақсатында экологиялық, шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастырылады. Сабақтың эмоционалды тартымды болуы кіші жастағы оқушылар үшін іс-шаралардың: танымдық, сюжетті-рөлдік ойындар, мерекелер, табиғи материалдармен практикалық жұмыстар, жобалық іс-әрекеттер, топтық саяхаттар, осы жастағылар үшін шамасы келетін табиғатты қорғау іс-әрекеттерін қолдану сияқты түрлері қамтамасыз етіледі.

Біз жоғарыда мектеп сатысында оқытылатын «Өзін-өзі тану» курсының оқытуда стандарт талаптары мен оқу бағдарламаларына тоқталдық.

ҚР Білім және ғылым министрлігімен «Өзін-өзі тану» пәнін 2010-2011 оқу жылынан бастап балабақшалар, жалпы білім беру мекемелері және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізуге шешім қабылданды. Бағдарламаның негізі – балалардың жеке дара ерекшеліктерін ескерумен қатар олардың адамгершілік және рухани сапаларын дамыту. Жаңа тарихи контексте ең алдымен гуманистік ұлттық идеялардың, халық бірлігінің, отбасы мен жеке тұлға құндылықтарының сақталуын қамтамасыз ету керек.

Жоғары оқу орының студенттеріне арналған «Өзін-өзі тану әдістемесі» курсының оқыту, тәрбиелеу үдерісінде енгізу-университет тарихындағы үлкен жаңалықтардың бірі. Осы пәнді бастауыш мектепте оқытатын мұғалімдер даярлауда «Өзін-өзі тану әдістемесі» пәнінің маңызы зор. Осы тұрғыда жоғары оқу орындарында оқытылатын «Өзін-өзі тану әдістемесінен стандарт талаптарына сәйкес оқу бағдарламалары дайындалды.

«Өзін-өзі тану әдістемесі» курсының оқыту, студенттердің философияны, психологиялық-педагогикалық пәндер блогын оқытуда (педагогика, жалпы психология, жасерекшелік физиологиясы және гигиенасы), бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің теориясы мен технологиясын оқыту барысында меңгерген білім қорына сүйеніп жүзеге асырылады. Аталған курс бастауыш мектеп педагогикасы, психологиялық зерттеулер әдістемесі сияқты пәндерді оқытумен тығыз байланысты. Пәнің бағдарламасы жалпыадамзаттық құндылықтар және тұлғалық сапалар туралы негізгі ұғымдарды дамытудағы сабақтастықты қамтиды.

Өзін-өзі танудың негізгі идеялары, әдебиеттік оқу (дүниетанымды қалыптастыру, руханилықты тәрбиелеу, адамгершілік сапаларды дамыту), дүниетану (қоршаған дүниенің сұлулығы мен үйлесімін тану, өзін барша ғаламның бір бөлігі ретінде сезіну, экологиялық сананы тәрбиелеу), дене тәрбиесі (дене және адамгершілік денсаулығының үйлесімі, салауатты өмір салтын қалыптастыру), музыка, бейнелеу өнері (әлемдік өнердің туындылары арқылы сұлулықты сезіну), еңбекке баулу (еңбекке деген құрмет, қиялды, шығармашылықты дамыту) сияқты бастауыш мектептің оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланысты болады. Өзін-өзі тану үдерісі сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу барысында жүзеге асырылады. Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм мен достықты тәрбиелеу. Бастауыш сыныптардағы педагогикалық үдеріс, оқушылардың өзіндік іс-әрекеті мен оның нәтижесін саналы түрде ұғынуына құрылуы керек, яғни рефлексияны дамытуға бағытталуы керек.

«Өзін-өзі тану әдістемесі» пәнінің **мақсаты:** жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыру, оның рухани жетілуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасауда тіректі рөл атқаруға бағытталған, оқу пәні ретіндегі өзін-өзі тану туралы біліммен бастауыш сынып мұғалімдерін қаруландыру.

Осы мақсатқа жету мынандай **міндеттерді** көздейді:

1. Бастауыш сыныптарда «Өзін-өзі тану» оқу пәнінің дамытушылық және тәрбиелік функцияларын қарастырып ашу;
2. Студенттердің кәсіби іс-әрекетіне бағдар беру;
 - бастауыш сынып оқушыларының өзіндік ішкі дүниесін саналы ұғынуы және өзінің даралығын сезінуі;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың өзіндік санасы мен рефлексиясын қалыптастыру;
- қоғамға қызмет етуге бағытталған, оқушылардың қайта құрушы белсенділіктерін көрсетуге мүмкіндік беретін, өмірлік маңызды біліктер мен дағдыларын меңгеруіне қолдау және көмек беру.

3. Студенттердің бастауыш сыныптарда, өзіндік ішкі әлемін құру және өзінің қайталанбас даралығын саналы ұғыну арқылы, әрбір оқушының өзіндік табиғи қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған, мақсатты бағытталған білім беру үдерісін ұйымдастыру білігін қалыптастыру.

Пәннің нысаны: ҚР Мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес «Өзін-өзі тану әдістемесі» 5В010200 – Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі мамандығы бойынша студенттерге жоғары кәсіби білім берудің компоненті ретінде.

Пәні: ҚР Мемлекеттік стандартына сәйкес, 5В010200 – Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі мамандығы бойынша бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі тануын қалыптастыру бойынша, кәсіби іс-әрекет үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім, білік және дағдылары.

Аталған пәнді оқытудың әдістері - ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді, бағдарламаларды, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды теориялық талдау, жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сыныптарында «Өзін-өзі тану» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша озат педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау, әңгімелесу, сауалнама, Интернет-сайт материалдарын зерттеу.

Өзін-өзі тану әдістемесі - ғылыми білімнің саласы ретінде, өзінің қалыптасуы мен дамуында белгілі кезеңдерден өтті. Өзіндік сананың психологиялық табиғаты мен оның құрылымына Б.Г.Ананьевтің, Л.С.Выготскийдің, И.С.Конның, А.Н.Леонтьевтің, В.С.Мухинаның, С.Л.Рубинштейннің еңбектері арналған. Адам өміріндегі өзіндік сананың пайда болуы мен рөлі туралы мәселелер, философтар Ф.Т.Михайловтың, Л.В.Сморгуновтың, Г.Е.Стукаловтың, С.М.Флигонтовтың еңбектерінде қарастырылған. Өзін-өзі тану бойынша құрастырылған идеялардың негізі ретінде, ойшыл-педагогтар Л.Н.Толстой, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсариннің еңбектері, көрнекті қоғам қайраткерлерінің (Н.К.Рерих, С.А.Назарбаева) еңбектері алынды. Рухани-адамгершілік ағарту идеяларының тарихи түп-тамыры көрнекті моралистер – Конфуций, Сократ, Эпикур, Ницшенің ілімдерінде орын алды.

Даму кезеңдері - Қазақстан Республикасында білім берудің мазмұнын реформалау үдерісімен байланысты. Аталған пәнді дамытудың қазіргі заманғы тенденциялары, рухани-адамгершілік тәрбие мәселелері қазіргі кезде жалпы мемлекеттік мәнге ие болуында көрініс табады.

«Өзін-өзі тану әдістемесі» курсы оқыту дәрістік және практикалық сабақтарда, студенттердің өзіндік аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарында жүзеге асырылады.

Аталған пәнді оқыту нәтижесінде, студенттердің аталған курстың объектісі, пәні, міндеттері мен әдістері туралы білімдері болуы керек. Пәннің мазмұны білім беру іс-әрекетінің нәтижесі ретінде студенттердің құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталады:

- бастауыш мектеп курсына «Өзін-өзі тану» пәнінің рөлін, орны мен мақсатын анықтау;
- бастауыш сыныптарда «Өзін-өзі тану» курсы оқытудың әдістері мен тәсілдерін қолдану;
- тұлғалық және кәсіби өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін таңдау;
- «Өзін-өзі тану» пәні бойынша Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің жалпыға міндетті Мемлекеттік стандарты белгілеген өмірлік маңызды тіректі құзырлықтарды мақсатты бағытталған тұрғыда дамыту үдерісін ұйымдастыру;
- бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін индивид, жеке тұлға, іс-әрекет субъектісі ретінде олардың даралығын, темпераментін, мінезін, бағыттылығы мен қабілеттерін ескере отырып ашу және дамыту;
- адамның өзіне, қоршаған әлемге, біртұтас адамзатқа қатынасын негіздейтін, бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік мінез-құлқының негіздері ретінде әлеуметтік маңызды бағдарларын қалыптастыру;
- педагогикалық проблемаларды шешуде білімді шығармашылықпен қолданудың кәсіби дағдыларын қалыптастыру.

Өзін-өзі тану әдістемесі - дербес ғылым ретінде бастауыш сыныптарда «Өзін-өзі тану» әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздері. Пәннің философиялық негіздері. «Өзін-өзі тану» курсының негізгі ұғымдарын қарастыратын психологиялық-педагогикалық еңбектер.

Өзін-өзі тану әдістемесінің объектісі және пәндік саласы. Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыру, оның рухани жетілуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасаудағы «Өзін-өзі тану әдістемесінің ғылым ретіндегі рөлі.

Өзін-өзі тану әдістемесі оқу пәні ретінде - бастауыш сыныптарда «Өзін-өзі тану әдістемесінің мақсаты және міндеттері. «Өзін-өзі тану әдістемесінің ғылымның басқа салаларымен (философия, логика, математика, педагогика, психология) пәнаралық байланысы, сабақтастығы және интеграциясы.

Пәннің құрылымы және мазмұнды бағыттары. Оқытылатын бөлімдердің негізгі идеяларының қарастырылу логикасы.

«Өзін-өзі тану әдістемесі» пәнін оқытудың әдістемелік тәсілдері, формалары және құралдары. Оқушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар және «Өзін-өзі тану әдістемесі» пәні бойынша оқушылардың білімін бағалау критерийлері.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. «Өзін-өзі тану әдістемесі» - ғылым ретінде
2. «Өзін-өзі тану әдістемесі» пәнінің қалыптасуы мен дамуы және қазіргі мәселелері
3. Өзін-өзі тану әдістемесі пәнін оқытудың ерекшеліктері
4. Бастауыш мектептегі өзін-өзі тану жүйесі, мазмұны
5. Өзін-өзі тану әдістемесін оқытуда субъектілердің өзара қатынасы
6. Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістерінің жіктелуі және олардың сипаттамасы
7. Тұлғалық дамудағы ойын терапиясы
8. Мектепте «өзін-өзі тану әдістемесі» пәні бойынша сабақ өткізудің әдістемесі
9. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың әдістемелік тәсілдері, формалары және құралдары.
10. Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.

1. ҚР Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. – Алматы, 2003.

2. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт. – Алматы: «Бөбек», ҰҒПББСО 2010.

3. Жалпы орта білім беретін мектептерге арналған өзін-өзі тану пәні бойынша бағдарламалар жинағы. – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді даму институты, 2010.

4. «Өзін – өзі танудың негіздері»: Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы. Ж.Ж.Молдабақов т.б. – Алматы, 2008.

5. «Өзін-өзі тану» студенттерге арналған хрестоматия. - Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2007.- 308 б.

6. Самопознание: Курс лекций и семинаров-тренингов для вузов.- Алматы: КазГосЖенПИ, 2003.

7. Ақиқатты тани біл... Ғибрат толғамдары /құраст./ А.Сейтақов, Қажығалдиева А. т.б.- Алматы: «Бөбек» баспасы, 2009. – 320 бет.

8. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп ынабаттық дәстүрлер. Оқу құралы. - Алматы: Рауан, 1998.

9. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. –Алматы, 2004.

Резюме

В статье проанализированы стандарты образования и учебные программы, соответствующие подготовке будущих учителей начальных классов к преподаванию учебной дисциплины «самопознание», а также рассматриваются теоретические проблемы подготовки будущих учителей к преподаванию данной дисциплины.

Summary

In following article is analyzed educational standards and education programs to teach the discipline called “Self-education methodic” to prepare future primary teachers. Else are considered theoretical aspects of preparation teachers teaching that discipline.